

Панфилов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 16 наурыздағы "Панфилов аудандық мәслихаты аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 6-16-116 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 маусымдағы № 6-20-137 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылды 4 шілдеде № 4262 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 наурыздағы № 6-32-205 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 13.03.2018 № 6-32-205 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 5-тармағына, "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 110 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14637 тіркелген) сәйкес, Панфилов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Панфилов аудандық мәслихатының "Панфилов аудандық мәслихаты аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2017 жылғы 16 наурыздағы № 6-16-116 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4181 тіркелген, 2017 жылдың 21 сәуірінде "Жаркент өнірі" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Панфилов аудандық мәслихаты аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесінде:

17, 18-тармақтары жаңа редакцияда баяндалсын:

"17. Көтермелеге балдары осы Әдістеменің 1-1-қосымшасына сәйкес ағымдағы жұмыстын орташа көлемінен асатын қызмет көрсеткіштері, сондай-ақ мазмұндық және/немесе ұйымдастырушылық жағынан күрделі болып табылатын қызмет түрлері үшін қойылады.

18. Ағымдағы жұмыстың орташа көлемінен асатын қызмет көрсеткіштері және күрделі қызмет түрлері атқарылған жұмыстың көлемі мен күрделілігінің есу тәртібімен "+1"-ден "+5" балға дейін бес деңгейлік шәкіл бойынша орналастырылған. Бұл ретте көтермеленетін қызмет көрсеткіштері мен түрлеріне Электрондық құжат алмасудың бірыңғай жүйесінде және мемлекеттік органның Инtranet-порталында белгіленетін де, белгіленбейтін де құжаттар мен іс-шаралар кіре алады.

Әр көтермеленетін қызмет көрсеткіші немесе түрі үшін осы Әдістеменің 1-1-қосымшасына сәйкес "Б" корпусының қызметшісіне тікелей басшымен балл қойылады.";

осы шешімнің қосымшасына сәйкес 1-1-қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Панфилов аудандық мәслихат аппаратының басшысы Сауранбаев Махытбек Нусипбековичке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Панфилов аудандық мәслихатының
сессия төрағасы*

Y. Сарпеков

*Панфилов аудандық
мәслихатының хатшысы*

E. Шокпаров

Панфилов аудандық мәслихатының "12"
маусымдағы 2017 жылғы № 6-20-137
шешіміне қосымша

Панфилов аудандық мәслихаты
аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік
әкімшілік қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдістемесіне 1-1-қосымша

Панфилов аудандық мәслихаты аппаратының "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің көтермеленетін көрсеткіштері мен қызмет түрлері үшін балл шәкілдері

Балдар	Көтермеленетін көрсеткіштері мен қызмет түрлері
	Аудандық мәслихат сессияларына, аудан әкімдігінің, аудандық қоғамдық кеңестің, аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстарына материалдарды дайындау
	Аумақтық, округтік және участеклік сайлау комиссияларының құрамына уақтылы түзетулер жүргізу
	Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық мониторингін жүргізу
5 балл	Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық комиссияның қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен бір көзден тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алушарды жүргізу
	Қаржы-шаруашылық қызметтің жиынтық жоспарын, бюджеттік жоспарды, қаржыландырудың жеке жоспарларын күру, бекіту, орындау

	Аттестациялық, конкурстық, тәртіптік және бағалау комиссиясының қызметін сапалы үйымдастыру
	Аудандық мәслихат хатшысының және жоғары тұрған мемлекеттік органдардың шұғыл және ауқымды тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындау
4 балл	<p>Аудандық мәслихаттың және тұрақты комиссияларының қызметі туралы баяндамалар, мақалалар, жарияланымдар мен акпараттар дайындау</p> <p>Мұрағатқа құжаттарды сапалы өндеу және өткізу</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті, мәслихаттары депутаттарының, өзге де жергілікті өзін - өзі басқару органдары мүшелерінің, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық округтер әкімдерінің сайлауын өткізуді үйымдастыруға келісім бойынша қатысу</p>
3 балл	<p>Қосымша зерделеуді және тексеруді талап ететін өтініштерді қарастыру</p> <p>Сот актілерін шығару барысында талап-арыз қызметін мәслихаттың пайдасына жүзеге асыру</p> <p>Оқытуға жататын мәслихат аппараты мемлекеттік қызметшілерін оқытууды толық қамтуды қамтамасыз ету</p> <p>Түсіндіру жұмыстарын үйымдастыру және жүргізу</p>
2 балл	<p>Уақытша жоқ мемлекеттік қызметшінің міндеттерін орындау және лауазымдарды қоса атқару (10 жұмыс күннен кем емес)</p> <p>Тәлімгерлік қызметті жүзеге асыру</p> <p>Алдын ала жоспарланбаған және шұғыл жұмыстарды орындау</p> <p>Акпараттық құжаттарды аудандық мәслихаттың интернет-сайтына және бұқаралық акпарат құралдарында жариялауды уақытылы қамтамасыз ету</p>
1 балл	<p>Ұжымның қоғамдық өміріне қатысу (спортық және мәдени шаралары)</p> <p>Аудандық мәслихаттың атынан құттықтау, алғыс хаттарының мәтіндерін әзірлеу</p> <p>Аудандық мәслихаттың сессияларында, тұрақты комиссиялар отырыстарында және аппарат өткізген іс-шараларда бейне және фото түсіру</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК